



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

Бұл шолу Ұлттық волонтерлік желісінің жобалық командасымен дайындалды

Авторлар:

Е. Амреева және Т. Шолудько

Дизайн: **А. Мусалиева**

Ұлттық волонтерлік желісінің басшысы:

Т. Миронюк



Астана
2024

Е. Амреева, Т. Шолудько

А53 Қазақстан Республикасындағы волонтерлік қызметке шолу /
Е. Амреева, Т. Шолудько – Астана, 2024. – 48 бет.

УДК 364

ББК 65.272

ISBN 978-601-06-9705-8

Бұл шолу Қазақстан Республикасындағы волонтерлік қызметтің жағдайын талдауға арналған. Онда волонтерліктің даму тарихы, қазіргі қоғамдағы рөлі, сондай-ақ Қазақстандағы волонтерлік қызметтің негізгі бағыттары мен мәселелері қарастырылады.

© Е. Амреева, Т. Шолудько, 2024

© «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ, 2024



Қымбатты достар!

Қазақстанның әрбір волонтеріне ашық жүректеріңіз үшін және әлемді жақсы жаққа өзгертуге дайын екендігіңіз үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Сіздердің жанқиярлық көмегіңіз, ынта-жігеріңіз бен адалдығыңыз мыңдаған адамдарды шабыттандырады және біздің қоғамды нығайтып мейірімді етеді.

Бұл шолу, құн сайын өз іс-әрекеттерімен жақсы істердің ғажайыптар жасай алатындығын дәлелдейтіндер – сіздердің арқаңызда пайда болды. Сіздер ең жақсы адами қасиеттерді біріктіретін болашақ волонтерлер ұрпақтары үшін үлгісіздер

Сіздердің бар болғандарыңызға рақмет. Біз бірге Қазақстанды жақсартамыз.

С уважением,
Гораздо
Националь көй
восторг/слог
сетя!



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК ҚОЗҒАЛЫС

ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАР

Табиғаттың дүлей күштері алдындағы осалдықпен, қиындықтармен байланысты көшпелі өмір салты, ғасырлар бойы қазақ халқының мінезін қалыптастырғаны сөзсіз. Көшпелі өмірдің сын-қатерлері мен болжамсыздығына жауап ретінде далада өзара көмек көрсетудің бірегей дәстүрі – Асар дүниеге келді.

Мәні ұжымдық көмек болып табылатын Асар – қоғам өмірінің ең қиын сәттерінде көрінді. Бұл апаттан қираған тұрғын-үйді жөндеу немесе қайта салу, жаңа жерлерді жырту немесе көзі жойылған табынды қалпына келтіру болсын – адамдар қиындыққа тап болғандарды қолдау үшін бірікті. Дәстүр қиындықтармен күресумен шектелмеді: жас отбасыларға жаңа жерде орналасуға, үй салуға және тәуелсіз өмір бастауға көмектесу сияқты қуанышты сәттерде де маңызды рөл атқарды.

Бүгінде Қазақстандағы волонтерлік еріктіліктің терең ұлттық идеяларымен және өзара қолдаудың, қоғамға қызмет етудің қағидаларымен үндесіп жалғасын табуда. Олар әлеуметтік мәселелерді шешуге, қоғамдық бастамаларды дамытуға және өзара көмек рухын нығайтуға бағытталған.

«КЕҢЕС» УАҚЫТЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАРДЫҢ ДАМУЫ

Қазақстан КСРО құрамында болған уақытта волонтерлік қызмет көбінесе мектеп оқушыларының «Тимуров қозғалысы» аясында жүзеге асырылды. Негізінен, бұл қызмет жалғызбасты қарттарға – әдетте, үй шаруашылығында көмек және тауармен көмек көрсету болды. Сонымен қатар, ауылшаруашылық және құрылыс жұмыстарына ақысыз тартылатын студенттік жастардың еңбек жасақтары жұмыс істеген болатын.

Мұндай қызмет шартты түрде ерікті болды, өйткені ол идеология мен адамгершілік тәрбиесінің мемлекеттік бағдарламасының бөлігі болды. Алайда, дәстүрлер мен қоғамның өзара әлеуметтік көмек пен қолдауға бейімділігіне байланысты мұндай бастамалар қоғамда қарсылықсыз қабылданды.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде волонтерлік әлеуметтік құбылыс ретінде «жас мемлекет» алдында тұрған үлкен міндеттер мен ресурстардың шектеулілігіне байланысты шеше алмайтын шұғыл әлеуметтік қажеттіліктер мен мәселелерге жауап ретінде болды. Жастар мен орта жастағы буын өз ресурстарының көмегімен әлеуметтік жағдайды жергілікті жақсартуға бағытталған бастамашыл қызметпен белсенді айналысты.

Қазіргі мағынада саналы волонтерлік шамамен 2000 жылдары қалыптаса бастады және ең алдымен жастардың бастамашыл топтарының арқасында дамыды. Бұл топтар әртүрлі әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларға көбірек адамдарды тарта отырып, өзгерістердің катализаторы болды.

2014 жылға қарай волонтерлік қызметті заңдастырудың айқын қажеттілігі туындады. Бұл Қазақстанның өзіне тән ерекшеліктерінің бірі болып табылады: кез келген қоғамдық қызметті тиімді және кедергісіз іске асыру үшін оны заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТ

Қазақстандағы волонтерлік қозғалыс – еліміздің әлеуметтік мәселелерін шешуге және халықаралық деңгейдегі маңызды іс-шараларға елеулі үлес қосатын қарқынды дамып келе жатқан сала.

Оның ішінде, волонтерлердің қатысуымен 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) саммиті (600 волонтер), 2021 жылы VII Қысқы Азия ойындары (3 мың волонтер), 2017 жылы Қысқы универсиада (3 мың волонтер), «ЕХРО-2017» көрмесі (4,5 мың волонтер), 2022 жылы Астанада Халықаралық және дәстүрлі діндер Съезі мен Францисктің (рим папасының) Мессасының, 2022 жылы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңес (АӨСШК), сондай-ақ «Astana Media Week» (1 мыңнан астам волонтер) және осы жылы Астанада өткен 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының (1600 волонтер) жоғары деңгейде өткені волонтерлік қозғалыстың дамуына елеулі әсер етті.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен **2020 жыл** Волонтер жылы болып жарияланды. Бұл оқиға елдегі волонтерлік қозғалыстың дамуы үшін маңызды болды. Волонтер жылы аясында халықтың волонтерлік қызмет туралы хабардарлығын арттыру, сондай-ақ волонтерлік корпусқа жаңа қатысушыларды тарту бойынша көптеген іс-шаралар өткізілді.

2022 және 2023 жылдары Қазақстан әлемнің түкпір-түкпірінен волонтерлерді тарту орталығына айналды. Орталық Азия және Халықаралық волонтерлер форумы өткізілді, оған 34 шет елден 1 мыңнан астам волонтер қатысты.

2024 жыл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы волонтерлік қозғалыс жылы болып жарияланды, бұл ТМД елдері үшін волонтерліктің маңыздылығын растап, таныды. 2024 жылы ТМД-да волонтерлік қозғалыс жылын өткізуге Қазақстан белсенді қатысып, бірінші жартыжылдықта 50-ге жуық іс-шараны жүзеге асырды.

2023 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстанның жұмысы нәтижесінде БҰҰ Бас Ассамблеясы Мемлекет басшысының бастамасын қолдап, 2026 жылды тұрақты даму мақсатында Халықаралық волонтерлер жылы деп жариялады.

2024 жылы БҰҰЕ бағдарламасымен және Орталық Азия елдерімен бірлесіп алғаш рет Орталық Азиядағы Волонтерліктің жай-күйі туралы аймақтық шолу шығарылды. **Баяндаманың тұсаукесерінде 2024 жылы БҰҰ Штаб-пәтерінде Қазақстан Орталық Азиядағы волонтерлікті дамыту және қолдау бойынша көшбасшылардың бірі ретінде атап өтілді.**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӨЗГЕРІСТЕР ҮШІН ВОЛОНТЕРЛІК.

Қазақстанда волонтерлік әлеуметтік мәселелерді шешуге азаматтық қатысу нысаны ретінде қарастырылады және волонтерлер көбінесе әлеуметтік өзгерістердің бастамашысы болып табылады. Сонымен қатар, өмір сүру деңгейі жоғары және орта деңгейден жоғары азаматтар волонтерлікпен айналысатын Еуропа елдерінің тәжірибесінен айырмашылығы, Қазақстанда барлық дерлік әлеуметтік-экономикалық санаттағы адамдар волонтерлікпен айналысады. Сондай-ақ біздің волонтерлер бос уақыт қағидаты бойынша емес, белгілі бір әлеуметтік мәселелердің өзектілігін қағидатын басшылыққа ала отырып волонтерлікке қатысады.

ВОЛОНТЕРЛІК ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ.

Қазақстанда волонтерлік қоғамдастық дамыған және шоғырландырылған. Ол мемлекеттік деңгейде волонтерлікті дамытуды бастауда шешуші рөл атқарды.

Осылайша, волонтерлік қоғамдастықтың бастамасымен 2016 жылы Волонтерлік қызмет туралы Заң қабылданды. Бұл Қазақстан үшін заң өзіндік, оның қызметін реттейтін қоғамдастықтың тікелей қатысуымен қабылданған бірегей жағдай. Осы Заңға түзетулер енгізу волонтерлік қоғамдастық сарапшыларының ұсынымдарын ескере отырып жүзеге асырылады.

ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖӘНЕ ҚАТЫСУДЫҢ АРТУЫ.

БҰҰЕБ-ның әлемдегі еріктілік жағдайы туралы баяндамасында (2022) айтылғандай, Жаһандық солтүстікте 2020 жылғы пандемия кезінде ресми волонтерлер белсенділігі төмендеді. Жаһандық Оңтүстікте, соның ішінде Қазақстанда COVID-19 пандемиясы волонтерлік үшін өсудің қуатты катализаторына айналды. Волонтерлер мен волонтерлік ұйымдар пандемия уақытында волонтерлік қызметке тартылды мен пандемиядан кейінгі кезеңнің негізгі мәселелерін шешу аяқталғаннан кейін волонтерлік қызметті жалғастыруда.

Кез келген ТЖ туындаған кезде Қазақстанның волонтерлері әрдайым белсенді жұмылдырылады және елеулі көмек көрсетеді: су тасқынына қарсы және өртке қарсы іс-шараларға қатысады, азаматтарды эвакуациялауға, азық-түлік пен бірінші кезекте қажетті заттарды жеткізуге қатысады, зардап шеккен азаматтарға тұрмыстық, психологиялық және заңгерлік көмек көрсетеді, гуманитарлық жүктерді тасымалдауға қатысады, өзге де қолдан келгенше көмек көрсетеді.

Осындай жарқын мысалдардың бірі – Түркияға көрсетілген көмек. Министрліктің үйлестіруімен Ұлттық волонтерлік желісі гуманитарлық көмек жинау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде Түркияға 500 тоннадан астам гуманитарлық көмек пен 150 киіз үй жіберілді. Қазақстандықтар AFAD қорына шамамен 10 млн. АҚШ доллары көлемінде ақша қаражатын жинап жіберді.

ЕРЕСЕК ЖАСАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ЖОҒАРЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ.

Тұрақты волонтерлік бастамаларда 29 жастан асқан ересек жастағы халықтың пайызы басым болатын үрдіс жалғасуда. Бұл көбінесе ересек адамдарда волонтерлік қызметте талап өтілетін әлеуметтік жауапкершілік, білім, дағдылар мен тәжірибенің жоғары деңгейіне байланысты.

ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ВОЛОНТЕРЛІККЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫҢ АРТУЫ.

2021 жылдан бастап 14-16 жас аралығындағы жасөспірімдер волонтерлік бағдарламаларға өтініш беру кезінде үлкен белсенділік танытып жатыр. Сонымен қатар оқушылар өздерінің волонтерлік бастамаларын жиі бастап жатқаны байқалуда. Бұл жастардың волонтерліктің маңыздылығы туралы хабардарлығын арттырумен, сондай-ақ волонтерлік жобаларды іздеуді және ұйымдастыруды жеңілдететін әлеуметтік желілер мен басқа да онлайн платформаларды дамытумен байланысты болуы мүмкін.

PRO BONO БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ ӨСУІ.

Соңғы жылдары Қазақстанда қиын өмірлік жағдайдағы адамдарға және әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдарға Pro bono қызметтерін көрсететін бірлестіктер санының өсуі байқалады.

ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТЫҢ БАСЫМДЫҒЫ.

Қазақстандағы волонтерлік қызмет айқын әлеуметтік сипатқа ие және қоғамның өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Ерекшелік, негізінен үлкен қалаларда тұратын, көбінесе жастардың волонтерлік бірлестіктері. Олар ойын-сауық және коммерциялық іс-шараларға қосымша ретінде жиі қатысады – бұл қызмет оқиғалық волонтерліктің бағытына жатады.

ВОЛОНТЕРЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ БӨЛІНУІ.

Қазақстанда қайырымдылық және волонтерлік қызметпен бөлісу әдетке айналған. Бұл ерекшелік заңнамалық тұрғыдан да бекітілген – екі түрлі заң және әртүрлі НҚА бар.

АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ АЙҚЫНДЫҒЫ.

Волонтерлік көрсеткіштерді бағалау кезінде волонтерлік құбылыстың дамуы Қазақстан өңірлеріндегі әлеуметтік және экономикалық жағдайларға, аумақтық, географиялық және басқа да көптеген факторларға байланысты екені ерекше көрінеді. Қазақстанның әртүрлі облыстарында волонтерлік бағыттардың өзіндік ерекшеліктері, волонтер портреті және қоғамның волонтерлік қозғалысқа деген көзқарастары бар. Мысалы, ауылдық жерлерде волонтерлік көбінесе ауылдық аумақтардың дамуымен, өнеркәсіптік қалаларда – экологиялық мәселелерді шешумен және өмір сүру деңгейінің жоғарылауымен, ірі қалаларда – әлеуметтік көмек ұйымдастырумен және интеллектуалды волонтерлікпен байланысты.

ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ КЕҢ АУҚЫМЫ.

ҚР волонтерлік қызметін 2020 жылдан бастап мемлекет белсенді қолдап келеді. Бұл қолдау, соның ішінде әртүрлі нормативтік құқықтық актілерде бекітілген көптеген бастамалар мен шешімдерден көрінеді. Бүгінгі таңда мұндай құжаттар 20-дан асады. Олардың ішіндегі ең маңыздылары:

- Волонтерлік қызмет туралы заң – 2022 жылы өзекті түзетулер енгізілді және 2025 жылы жаңалары күтілуде.
- 2021-2023 және 2024-2026 жылдарға арналған волонтерлікті дамытудың Жол карталары. Бұл волонтерлікті жүйелі қолдау мен дамытудың стратегиялық құжаты.
- Өңірлерде волонтерлікті қолдау және дамыту тактикасын реттейтін ЖАО (жергілікті атқарушы органдар) үшін әдістемелік ұсынымдар.

Волонтерлік қызмет саласын реттейтін НҚА-ның толық тізімі,
1-қосымшада келтірілген

ҚР-ДА ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ДАМУЫ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ НЕГІЗДЕРІ

Волонтерлік Қазақстан халқының өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады және оны Үкімет белсенді қолдайды. Бұл ретте Қазақстанда волонтерліктің дамуы тұтастай алғанда индукция қағидаты бойынша (жекеден жалпыға дейін) жүргізілгенін атап өткен жөн.

Егер қазіргі Қазақстанда волонтерліктің даму тарихын егжей-тегжейлі қарастыратын болсақ, онда алдымен волонтерлік бастамалар мен жобалардың орасан зор көлемі жинақталды, бұдан әрі осы тәжірибенің барлығы ресімделіп, негізгі тұжырымдамалық және әдістемелік ережелерге қайта өңделді. Содан кейін олардың негізінде негізгі стратегиялық құжаттар мен НҚА құрылды. Бұл қағидат реттеуші құжаттардың Волонтерлік қызметті іске асырудың нақты қажеттіліктері мен шарттарына өзектілігі мен сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл мүмкіндік екі себептің негізінде мүмкін болды:

I. ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ БІРІГУІ. Волонтерліктің пайда болуының басынан бастап ҚР-да әлеуметтік құбылыс ретінде волонтерлік қозғалыс өкілдерінің белсенділігі мен біріктіруге, тәжірибе алмасуға және дамуды жүйелі жоспарлауға деген ұмтылысы байқалды.

Бұл шамамен 2007 жылы әртүрлі өңірлерден келген волонтерлік ұйымдар басшыларының бастамашыл тобының (14-тен астам ұйым) пайда болуына алып келді, олар кейіннен бірігіп, «ҰВЖ» ЗТБ ұйымын («Ұлттық волонтерлік желісі» заңды тұлғалар бірлестігі) құрды, оның негізгі миссиясы Қазақстанда волонтерлікті жүйелі дамыту болды. Осылайша, 2010 жылдан бастап ҚР аумағында волонтерлер кәсіподағының функцияларын жүзеге асыратын ұйым жұмыс істей бастады.

Осы уақыттан бастап волонтерліктің әртүрлі аспектілері туралы ақпарат пен сандық деректер үнемі жиналып, талданып, әдістеме әзірленіп, жаңартылып отыруда және осы Әдістемеге сәйкес волонтерлік қоғамдастық өкілдерін оқыту жүргізіліп келеді.

ҰВЖ өз қызметін еліміздің барлық өңірлеріндегі волонтерлік қозғалыс көшбасшыларының тұрақты қатысуымен жүзеге асырады – волонтерлердің мүдделерін барабар білдіру және іс-қимылдарды тиімді жоспарлау үшін қоғамдастықтың ерекшелігін, өзекті қажеттіліктері мен мәселелерін анықтау мақсатында үнемі сауалнамалар, фокус-топтар, пікірталастар өткізіп жатыр.

II. МЕМЛЕКЕТТІҢ ТЕН ҚҰҚЫЛЫ ДИАЛОГҚА ДАЙЫНДЫҒЫ. Бастапқыда волонтерлік қызмет туралы Заңмен жұмыс жасаудан бастап, волонтерлік қоғамдастық сарапшылары мен жетекшілік ететін ведомство өкілдері арасында сындарлы диалог орнатуға мүмкіндік туды. Бұл оңай жол болған жоқ, бірақ өзара күш-жігердің арқасында өзара іс-қимыл және сындарлы диалог мәдениеті пайда болды және орнықты.

Қазіргі уақытта ҚР-да волонтерлікті дамытуға жетекшілік ететін орталық атқарушы орган МММ (Мәдениет және ақпарат министрлігі) болып табылады. Ескерту - бұрын АҚДМ деп аталған). Бүгінгі таңда волонтерлік саласының мысалында мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы ынтымақтастықтың бұрын-соңды болмаған нысаны пайда болды. 2024 жылдан бастап 3 жыл мерзімге стратегиялық әріптестіктің пилоттық жобасы іске асырылуда. Өзара іс-қимылдың бұл нысаны жетекшілік ететін ведомство мен волонтерлік қоғамдастық арасындағы ортақ стратегиялық мақсаттар мен міндеттер бойынша тиімді баламалы диалог пен бірлескен әріптестік жұмысты көздейді.

Бірінші стратегиялық серіктес, азаматтық қоғамның өкілі «ҰВЖ» ЗТБ болды, оның күшті жағы жекелеген ұйымдар мен бастамашыл топтардың немесе бағыттардың «жеке мүдделеріне» байланыстырмауы болып табылады; ал күш-жігерді жұмсаудың басты назары волонтерлер қауымдастығының «ортақ мүдделеріне» бағытталған. Бұл ретте ҰВЖ мемлекет пен волонтерлер қауымдастығы арасындағы делдал және негізгі коммуникациялық және ақпараттық арна рөлін атқарады.

2020 жылдан бастап (мемлекеттің жүйелі қолдауының басталуы) бірлескен жұмыстың арқасында жетекшілік ететін ведомствоның күшімен волонтерлік қоғамдастықтың қатысуымен маңызды мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізілді.



НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

2001 жылы коммерциялық емес ұйымдар туралы Заң қабылданды, онда алғаш рет волонтерлік қызметке сілтеме жасалды.

2009 жылы ҚР жастар саясаты туралы Заңында «волонтер» ұғымы пайда болды.

2016 жылы Қазақстандағы волонтерлік қызметті реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық акт болып табылатын Волонтерлік қызмет туралы Заң қабылданды. 2022 жылы осы Заңға тиімділікті арттыруға және волонтерлік қызметті мемлекеттік қолдауды күшейтуге бағытталған өзгерістер енгізілді. Бұл заңда волонтерлік қызметтің негізгі ұғымдары мен анықтамалары, шекаралары мен бағыттары бекітілген.

ЗАҢДАҒЫ НЕГІЗГІ НОРМАЛАР:

- **Волонтерлік қызметтің анықтамасы бекітілді** – әлеуметтік бағытталған, ерікті түрде орындалатын, өтеусіз негізде жүзеге асырылатын қоғамдық пайдалы қызмет;
- **Волонтер анықтамасы бекітілген** – аудармау және әдеттегідей француз тіліндегі «Волонтер» терминін қолдану туралы шешім қабылданды. Аудармау туралы мұндай шешім қазақ тілінде ерікті деген сөзге байланысты болды. Алайда бұл сөз волонтерлік қызметтің 4 қағидатының біреуін ғана көрсетеді (ерікті, өтеусіз, қоғамның игілігі үшін, қызмет) және «волонтерлік қызмет» анықтамасына кірмейтін түрлерді қоса алғанда, ерікті қызметті жүзеге асыратын адамдардың барлық топтары үшін пайдаланылуы мүмкін қызмет» түріне айналушы еді. Мәселен, мысалы, қайырымдылық жасаушылар, меценаттар, саяси немесе діни ұйымдардың мүшелері, зайырлы немесе ойын-сауық іс-шараларындағы статистер және басқалар волонтерлер болып саналушы еді. Бірақ олардың қызметі волонтерлердің барлық принциптері мен анықтамаларына сәйкес келмейді. Дегенмен, халық арасында бұл ережені бұзушылықтар жиі кездеседі, мүмкін ол заң нормаларын білмеу және қажетті деңгейде хабардарлықтың болмауымен байланысты.

- Заңда **волонтерлік қызметті ұйымдастыру нысандары** – жеке тұлғалар, бастамашыл топтар және тіркелген ұйымдар бекітілген.
- **Волонтерлік ұйым ұғымындағы шектеулер** – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған және волонтерлік қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым (діни бірлестіктерді, тұтыну кооперативтерін, сондай-ақ Саяси партиялар немесе кәсіптік одақтар нысанындағы қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда).
- **Волонтерлік бағыттағы шектеулер** – волонтерлік қызмет саяси партиялар мен діни бірлестіктерді қолдауға бағытталмайды. Терроризмді, экстремизмді және сепаратизмді кез келген нысанда және көріністе қолдау үшін волонтерлік қызметке тыйым салынады. Әскерилендірілген құрылымы, нысаны, арнаулы айырым белгілері, әнұрандары, жалаулары, жалаушалары, ішкі тәртіп пен басқарудың ерекше жағдайлары, қаруы, соның ішінде имитациялық қаруы бар әскерилендірілген құралымдар үлгісі бойынша волонтерлік ұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағында құруға тыйым салынады.
- **Волонтерлік қызмет түрлері бекітілген.** Қазіргі уақытта біз өз зерттеулерімізде атап өтілетін волонтерліктің түрлері бұл заңда көрсетілгеннен басқаша сараланған. 2023 жылдың соңында жаңа түзетулер енгізу туралы бастама ұсынылды – олар 2025 жылы күтілуде.
- **Сондай-ақ, заңда Волонтерлік қызметті реттейтін келесі тараулар бар:**
 1. Волонтерлік қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу.
 2. Волонтерлік қызметті ұйымдастыру және қолдау.

Волонтерлік қызметтің заңнамалық жағына келетін болсақ, Қазақстанда волонтерлік және қайырымдылық қызметтері «Волонтерлік қызмет туралы Заң» және «Қайырымдылық туралы Заң» деген екі бөлек заңмен бөлініп, реттелетінін де ескерту маңызды.

2021-2023 жылдары Қазақстанда волонтерлікті дамытудың Жол картасы іске асырылды. Қазіргі уақытта волонтерлікті дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған Жол картасы бекітілді.



ЖҮЙЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОЛДАУДЫҢ ДАМУЫ



ҚР-ДАҒЫ ВОЛОНТЕР ЖЫЛЫ

Қазақстандағы волонтерлік қызметті жүйелі мемлекеттік қолдау Волонтер жылынан басталды.

2019 жылдың мамыр айында Қостанай қаласында өткен Қазақстан-Ресей жастарының форумында 2020 жыл Волонтер жылы болатыны жарияланды.

Осыдан кейін Волонтер жылының іс-шараларын жоспарлау және жүзеге асыру бойынша жұмыс тобы ұйымдастырылды.

Бірінші кезектегі міндеттердің қатарында «А1» жарнама агенттігін тарта отырып, 2019 жылдың жазында Волонтер жылының хэштегтері мен логотипі әзірленді – осылайша логотип (жүрек, оның ішінде V әрпі - волонтер) және # birgemiz (қаз. «Biz Birgemiz» - орыс. «Мы вместе»), 2019 жылдың қарашасында олар бекітілді. Рәміздердің алғашқы айтылуы мен бейресми ұсынылуы 2019 жылдың 11 желтоқсанында өткен «Birlik» халықаралық форумында болды. Логотип пен хэштегтердің ресми тұсаукесері 2020 жылдың ақпан айының басында Волонтер жылының ашылуында өтті. Бұл іс-шарада түрлі елдердің, соның ішінде Ресей, Өзбекстан және Қырғызстанның өкілдері болды. Өзбекстан өкілдері covid-19 пандемиясы кезінде өз тілдеріне қайта өңдеуге және осы белгілерді қолдануға ресми түрде келісім сұрады.

Бастапқыда бұл рәміздер тек Волонтер жылы үшін ойластырылған, бірақ олар волонтерлікпен байланысты кез-келген адамға қатты ұнағандықтан әлі күнге дейін де сақталды. Қазір ол белгілер волонтерліктің тұрақты атрибуты ретінде қолданылады.



2019 жылдың соңында жоғарыда аталған жұмыс тобының қатысуымен стратегиялық кеңес өтті. Осы кеңесте, басқа сұрақтармен қатар волонтерлік қызмет көрсеткіштерін өлшеу мәселесі талқыланды. «Барлығын және бірден» өлшеу мүмкін емес екенін түсініп, волонтерліктің кейбір бағыттарының ішіндегі тар фокусты анықтау ұсынылды. Осылайша «Birgemiz» басым бағыттары пайда болды. Бастапқыда волонтерлік қызметтің 8 тар бағыты таңдалды, оларға кейіннен волонтерлікті дамытудың бірінші жол картасы шеңберінде «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ тарапынан «BIRGEMIZ: басым бағыттары Жалпыұлттық жобасы» гранттары түрінде жеке мемлекеттік қаржыландыру бөлінді. Бұл басым бағыттар қазақ тілінде аталды және жалпы бағыттарға сәйкес келетін болды:



BIRGEMIZ: SA'LYQ (рус. здоровье). Жалпы бағыт – медицинадағы волонтерлік. Басым бағыт – денсаулық сақтау саласына волонтерлерді тарту, науқастарды күтуге, оның ішінде хосписерде, онкологиялық диспансерлерде және т. б. көмек көрсету.



BIRGEMIZ: BILIM (рус. образование). Жалпы бағыт – білім берудегі волонтерлік. Басым бағыт – ауылдық жерлердегі орта мектептердің жоғары сынып оқушыларына ҰБТ-ге (ұлттық бірыңғай тестілеу) даярлау, ағылшын тілін оқыту, компьютерлік және құқықтық сауаттылық бойынша волонтерлік көмек көрсету.



BIRGEMIZ: SABAQTASTYQ (смысловое значение на русском языке. Наставничество). Жалпы бағыт – әлеуметтік волонтерлік. Басым бағыт – волонтерлердің балалар үйлеріндегі балаларға және жастарға, Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға қатысты тәлімгерлік тәжірибесін енгізу.



BIRGEMIZ: ASYL MURA (смысловое значение на русском языке культурное наследие). Жалпы бағыт – этноволонтерлік. Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау басым бағыт болып табылады.



BIRGEMIZ: TAZA ALEM (рус. чистый мир). Жалпы бағыт – экологиялық волонтерлік. Қоршаған ортаны қорғау, өзен арналары мен ормандарды тазарту, ағаш отырғызу, қоқыстарды сұрыптауға үйрету басым бағыт болып табылады.



BIRGEMIZ: QAMQOR (рус. заботливый). Жалпы бағыт – әлеуметтік волонтерлік. Басым бағыт – қарттар үйлеріне, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына волонтерлерді тарту.



BIRGEMIZ: UMIT (рус. надежда). Жалпы бағыт – ТЖ волонтерлік. Басым бағыт – жоғалған адамдарды іздеу, апаттар қаупін азайту және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою жөніндегі жобаларға волонтерлерді тарту, оның ішінде біздің отандастарымыздың ҰОС-дағы ерліктері туралы баяндайтын құжаттарды іздеу.



BIRGEMIZ: AYALA (образный перевод на русский язык – Ласка, ласковые, заботливые руки). Жалпы бағыт – зооволонтерлік. Басым бағыт – қалалар мен ауылдық жерлердегі үйсіз жануарларға көмектесу және жануарларға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру. Бұл бағыт 2021 жылы бөлінді.

Волонтерлік қызметтің осы бағыттарынан басқа, 2022 жылы аға буын волонтерлерінің белгілі бір санатын қолдау туралы шешім қабылданды, сондықтан «күміс волонтерлікті» дамытуға жеке қаржыландыру бөлінді.



Қазақстанда Волонтер жылы COVID-19 пандемиясымен тұспа-тұс келді. Бұл жағдайда волонтерлер қозғалысы айқын көрінді – волонтерлікке тартылған адамдар санында үлкен секіріс болды, бүкіл ел бойынша айтарлықтай көмек көрсетілді, волонтерлер күшімен шешілмейтін болып көрінетін міндеттер шешілді. Мұның бәрі мемлекет үшін елде және Волонтер жылы аяқталғаннан кейін волонтерлікті іске асыру мен дамытуға қолдау көрсетуді жалғастыруға негіз болды. Нәтижесінде «2021-2023 жылдарға арналған волонтерлікті дамытудың Жол картасы» деген жүйелі шараларды көздейтін стратегиялық құжат қабылданды. 2024 жылы жаңа «2024-2026 жылдарға арналған волонтерлікті дамытудың Жол картасы» бекітілді.

ВОЛОНТЕРЛЕР ФРОНТ-ОФИСІНІҢ ЖҰМЫСЫ

2020 жылдан бастап волонтерлікті дамытудың 2021-2023 жол картасын іске асыру шеңберінде Қазақстанның әрбір өңірінде Жастар ресурстық орталықтары (ЖРО) базасында АФО (волонтерлердің аймақтық фронт-офистері) жұмыс істейді. АФО елдегі волонтерлікті дамытудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру, әртүрлі мақсатты аудиториялар мен жас топтарынан азаматтарды волонтерлік қызметке кеңінен тарту, волонтерлікті дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету үшін барлық 20 облыста және республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларында құрылған. Аймақтық фронт-офисер (АФО) волонтерлер қозғалысы мен мемлекет арасындағы диалогта шешуші рөл атқарады. Аймақтық фронт-офисердің миссиясы – волонтерлік бастамаларды қолдау және өңірлерде волонтерлікті дамытуға жәрдемдесу.

АФО-ға үйлестіру және әдістемелік көмек көрсету мақсатында және өңірлерде волонтерліктің жүйелі дамуын күшейту үшін 2020 жылдан бастап «Birgemiz республикалық фронт-офисі волонтерлік саласындағы іс-шаралар кешенін ұйымдастыру» мемлекеттік жобасы іске асырылуда. 2020 жылдан 2023 жылға дейін жобаны ҰБЖ ЗТБ жүзеге асырды. Жоба аясында: Организована работа Республиканского фронт-офиса волонтеров «Birgemiz».

- ҚР волонтерлікті мемлекеттік қолдаудың бірыңғай стандарты әзірленді және енгізілді. Ол барлық жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) үшін әдістемелік ұсынымдар шеңберінде іске асырылады, өңірлерде оқыту өткізілді. 200-ден астам мемлекеттік қызметші оқытылды.
- АФО жұмысына үйлестіру, әдіснамалық және әдістемелік көмек көрсетілді.
- Жыл сайын статистикалық деректер жиналып, ҚР волонтерлігі бойынша талдамалық баяндама ұсынылды.
- Халықаралық волонтерлік орталығы ұйымдастырылған және жұмыс істейді. Бұл орталықтың қызметі ынтымақтастықты дамытуға және халықаралық қоғамдастықпен өзара қарым-қатынас орнатуға бағытталған. Бүгінгі таңда халықаралық серіктестер: Түркия, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Ресей, Беларусь, Армения және Өзірбайжан мемлекеттерімен орнатылған. Сондай-ақ, халықаралық ұйымдармен бірлескен жұмыс жүргізілуде: БҰҰ, БҰҰЕ, ТМД. Жалпы, халықаралық орталық 6 іс-шара ұйымдастырып, өткізді. Халықаралық волонтерлік орталығының өкілдері делегаттар ретінде 7 халықаралық алаңға қатысты.

www.qazvolunteer.kz бірыңғай платформасы жүргізілуде – волонтерлік қозғалысты дамыту және таны- мал ету мақсатында еліміздің түкпір-түкпірінен волонтерлер мен волонтерлік ұйымдарды біріктіретін заманауи алаң. Платформа 2018 жылы іске қосылды. Жобаны ҚР Ақпарат және қоғамдық даму ми- нистрлігі «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ грантының қолдауымен «Ұлттық волон- терлік желісі» ЗТБ-мен бірлесіп әзірледі. Бұл платформада 64 145 волонтер, 3 703 ұйым және 1 127 жоба тіркелген.

АФО қызметкерлерін, волонтерлерді, волонтерлер ұйымдарының басшыларын және мемлекеттік қыз- меткерлерді оқыту жүргізілді. Барлық кезеңде оқытылғандардың жалпы саны 16 463-тен асады.

6 273-тен астам адамға ақпараттық желі арқылы консультациялық көмек көрсетілді.

2024 жылдан бастап МАМ-мен 2023 жылы әзірленген әдістемелік сүйемелдеу үшін АФО жұмыс стан- дарты енгізілді.

АФО-ның үш жылдық жұмысында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді:

«Birgemiz республикалық волонтер фронт-офисінің Ақпараттық орталығы» волонтерлік мәселелері бойынша ақпараттық желі ұйымдастырылды. Ақпараттық желі келесі міндеттер шеңберінде жұмыс істейді:

1. ҚР бойынша өтінімдерді қабылдау және пысықтау: қоңыраулар, WhatsApp, Telegram мессенджері, Egov (электрондық үкімет).
2. Волонтерлік қызмет туралы кеңес беру.
3. Өр түрлі ұйымдарға ақпараттық қолдау көрсету.
4. АФО-ның іс-шараларын қоса алғанда, әртүрлі іс-шаралар мен жобаларға волонтерлерді тарту.

Ақпараттық желі үлкен сұранысқа ие болды. Тек 2023 жылдың өзінде 2646 өтініш өңделді. Өтініштер Қа- зақстан Республикасының барлық өңірлерінен және басқа мемлекеттерден келіп түсті. Ресей Федерациясы, БАӘ және Черногория азаматтары волонтерлер қызметіне қатысу тілектерін білдірді (жағдайлардың жарты- сында – Түркияға гуманитарлық көмек көрсету мәселелері бойынша). Волонтерлік саласындағы ынтымақта- стық мәселелері бойынша Франция мен Беларусь азаматтары жүгінді. Түркия, Украина және Өзбекстан азаматтары көмек сұрады. Волонтердің түйіндемесін тексерумен Бельгиядан өтініш түсті. «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығына қатысты Өзбекстаннан сұраныс түсті.

Волонтерлікті қолдаудың мемлекеттік жобасын іске асырудың 3 жылының ішінде көптеген құнды нәтиже- лер мен әсерлер алынды, жетекшілік ететін ведомство мен волонтерлік қоғамдастықтың тұрақты диалогы мен өзара іс-қимыл тетіктері жолға қойылды. Мұның бәрі 2024-2026 жылдардағы волонтерлікті дамытудың жол картасы шеңберінде елдегі волонтерлікті дамытудың инфрақұрылымы мен қолдау шараларын одан әрі дамыту және күшейту үшін қолайлы жағдайлар жасайды.


Жаңа 3 жылдық кезеңнің негізгі бағыты – мемлекеттік салалық ведомстволар мен мекемелердің тікелей өзара іс – қимылында салалық волонтерлікті және волонтерлік бастамаларды дамыту. Қазіргі уақытта төтен- ше жағдайлар министрлігімен (ТЖМ) және төтенше жағдайлар департаменттерімен (ТЖД) және ішкі істер департаменттерімен (ІІД) осындай өзара іс-қимылдың табысты тәжірибесі бар.

2023 жылдың желтоқсанында бұл жоба аяқталды. Оның орнына мемлекет пен волонтерлік саласындағы коммерциялық емес ұйым арасында 3 жыл мерзімге стратегиялық әріптестік форматы келді.



Бұл форматтың түбегейлі айырмашылығы – конкур- стық негізде таңдалған волонтерлік ұйым жетекшілік ететін ведомствоның техникалық тапсырмасын орындап қана қоймай, елдегі волонтерлікті дамытудың өзіндік көзқара- сы мен жолдарын ұсынады, осы саладағы стратегиялық құжаттарды әзірлеуге қосылады, негізгі мәселелер мен міндеттерді талқылауға және шешуге қатысады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ



2020 жылға дейін азаматтық бастамаларды дамытуға арналған гранттар шеңберінде волонтерлік лоттар салынды.

2020 жылдан бастап birgemiz басым бағыттарында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар (республикалық және өңірлік қаржыландыру), АБҚО гранттары шеңберінде волонтерлік қызметті дамытуға және іске асыруға жеке қаржыландыру бөлінеді.

2022 жылдан бастап волонтерлік жобаларды өңірлік қаржыландыру бөлінеді (әкімдіктердің гранттық конкурстары, өңірлік мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс).

2023 жылы 54 жоба іске асырылды, оның шеңберінде жалпы сомасы 72 млн. волонтерлер мен волонтерлік ұйымдар үшін 240 шағын грант іске асырылды.

2024 жылы 55 жоба іске асырылуда және негізгі волонтерлік бағыттар бойынша жалпы сомасы 72 млн. теңгеге 240 шағын грант берілді.

Сонымен қатар, волонтерлер ұйымдары коммерциялық емес ұйымдар екенін ескере отырып, қолданыстағы заңнамада салық жеңілдіктері қарастырылған.



МҮДДЕЛЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КӨТЕРМЕЛЕУ

2022 жылы 2016 жылы қабылданған «Волонтерлік қызмет туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізілді. Осылайша енді заңда волонтерлік салада мемлекеттік қолдаудың мынадай шаралары көзделген:

- Мемлекеттік және азаматтық қызметке жұмысқа қабылдау кезінде конкурстық комиссия кандидаттардың волонтерлік қызметін ескереді.
- Көрсетілген патриотизмі мен белсенді азаматтық ұстанымы үшін балалар мен жастарды айрықша белгімен марапаттау қағидаларында көзделген айырым белгілері бар волонтерлер заңнамада көзделген кезектілікте жоғары оқу орындарына түсу кезінде басым құқық алады.
- Бұл ретте балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда жоғары білімнің білім беру гранттары аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары жоғары адамдарға беріледі.
- Волонтерлік ұйымдарға мемлекеттік мүлікті берудің бекітілген ережелеріне сәйкес мемлекеттік мүлік жеңілдікті шарттармен беріледі.
- Өңірлерде осы қолдау шарасын іске асырудағы қиындықтар мұндай мүліктің, атап айтқанда, үй-жайлардың нақты болмауымен байланысты. Сонымен қатар, бірқатар өңірлерде мұндай үй-жайлар волонтерлердің қажеттіліктеріне тікелей салынуда.
- Волонтерлерді мемлекеттік деңгейде көтермелеу үшін волонтерлерге мемлекеттік наградалар («Шапағат» медалі, «Халық алғысы» құрмет грамотасы) беру көзделген.
- Наградаларды беру тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы Нұсқаулықпен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары құжаттарының үлгілерін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 қараша N 90 Өкімімен реттеледі. Қазақстанның дамуына үлес қосқан үздік қазақстандық және шетелдік волонтерлерді көтермелеу үшін «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығы тағайындалды.
- Қайырымдылық волонтерлеріне (қайырымдылықпен жасалған шарт негізінде өзінің тәжірибесін, арнайы дағдыларын, білімін, іскерлігін, жеке байланыстарын қолдану арқылы қайырымдылыққа қатысатын жеке тұлға) конкурстық негізде қайырымдылық саласында құрметті атақ беріледі. Бұл ретте қайырымдылық волонтерінің қызметі Қайырымдылық туралы Заңмен реттеледі.
- БҰҰ еріктілер бағдарламасымен жұмыс шеңберінде 9 қазақстандық ерікті 2020-2023 жылдар аралығында БҰҰ-ның түрлі құрылымдарында қызмет атқарды. Сондай-ақ, БҰҰЕ бағдарламасымен бірлескен жұмысты жалғастыру және ынталандыру бағдарламаларын дамыту мақсатында 2023 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен БҰҰЕ арасында толық қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде келісімге қол қойылды. 2024 жылы, 7 ерікті Түркия, Кения және Таиланд мемлекеттеріндегі БҰҰ құрылымдарына жұмысқа жіберілді.

2023 жылдың аяғында заңға жаңа түзетулер енгізу қажеттілігі туындады, негізінен волонтерлік қызметті сипаттаудың әдіснамалық бөлігі бойынша – қазіргі уақытта заңда бекітілмеген волонтерлік түрлердің нақты жіктелуі қалыптасты.

ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ ӘДІСНАМАСЫ

Қазақстанда 2021 жылдан бастап волонтерлік қызмет түрлерінің жіктемесі қолданылады. Қазіргі уақытта ол волонтерлік қызмет туралы Заңда немесе басқа НҚА-да бекітілмеген, бірақ әдістемелік құжаттар мен әдістемелік материалдарда қолданылады. Оның негізінде волонтерлік туралы ақпарат пен статистика жиналады.

Түрлердің жіктелуі зерттеулер мен статистикалық деректер негізінде шығарылды және волонтерлік қызметті тікелей реттейтін ҚР Заңдарына сәйкес келеді. Бұл жіктеу өзекті деректерге сәйкес өзгерістерге ұшырайды және қазіргі кездегі нақты жағдайды көрсетеді.


2025 жылы Волонтерлік қызмет туралы Заңға жаңа жіктеме бекітіле отырып, түзетулер енгізіледі деп күтілуде.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БЕС КРИТЕРИЙ БОЙЫНША БӨЛІНЕДІ:

1. ҚҰРАМЫ БОЙЫНША.

Волонтерлік қызметті кім жүзеге асыратынына байланысты 8 түрі бар:

- Мектептегі волонтерлік
- Студенттік волонтерлік (колледж және университет студенттері)
- Күміс волонтерлік (зейнеткерлік жас, 64 жастан жоғары)
- Инклюзивті волонтерлік (денсаулығы ерекше қажеттіліктері бар еріктілер)
- Корпоративтік волонтерлік (бір ұйымның қызметкерлері)
- Pro bono волонтерлік (кәсіпқойлар)
- Халықаралық волонтерлік (басқа елдерден келген еріктілер)
- Жалпы волонтерлік (арнайы белгілері жоқ құрам немесе аралас құрам)



II. ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ БАҒЫТЫ БОЙЫНША 14 түрге бөлінеді (4 - тарауда, 4.3-тармақта. танымал бағыттар шеңберіндегі типтік қызмет қысқаша сипатталған):



1. Медицинадағы волонтерлік (медициналық мекемелердегі еріктілердің жұмысы, ауырғандарға үйде күтім жасау және т.б.) және донорлық (тұрақты немесе бір рет қан тапсыру)



2. Азаматтық қоғамды дамыту бағытындағы волонтерлік (қызметті іске асыруда және проблемаларды шешуде сараптамалық, консультациялық зияткерлік көмек, сарапшылардың адамдарды немесе ұйымдарды дамытуда көмек)



3. Білім берудегі волонтерлік (білім беру және дағдыларды қалыптастыру мақсатында, тегін оқыту, емтиханға дайындық және т. б. волонтерлік)



4. Өнер саласындағы волонтерлік (өнер мәселелеріне, көрмелерге, классикалық орындаушылардың концерттеріне және т.б. қызығушылықты арттыру, қазіргі заманғы орындаушылардың ойын-сауық іс-шаралары мен концерттерінен БАСҚА)



5. Қоғамдық орындарды абаттандыру бойынша волонтерлік қызмет (қалалық сенбіліктер, инклюзивті ортаны дамытуға жәрдемдесу, саябақтарды, аллеялар мен көшелерді жинау, елді мекендерде гүлдер мен ағаштар отырғызу, саябақтарды, аулаларды, балалар алаңдарын және елді мекендердің басқа да аумақтарын жөндеу және реконструкциялау)



6. Жануарларға волонтерлік қызмет (қаңғыбас және жабайы жануарларға, мал мен үй жануарларына көмектесу, жануарлардың баспаналарында волонтерлер жұмысы және т.б.)



7. Медиа-волонтерлік (волонтерлік қызметті көрсету, волонтерлік қызметті танымал ету және монетизация мақсатынсыз әлеуметтік маңызды тақырыптарды қамту үшін түпнұсқа контент жасау)



8. Іздестіру-құтқару волонтерлік қызметі (физикалық іздестіру, ІІД және Төтенше жағдайлар департаменті волонтерлерінің іздестіру жұмыстарын жүргізуге және халықпен жұмыс істеуге көмек)



9. Оқиғалық волонтерлік (әлеуметтік маңызы бар іс-шараларда волонтерлік жұмыс; әлеуметтік осал санаттарды қолдауға бағытталған іс-шаралар, қайырымдылық концерттер, ойын-сауық, коммерциялық, имидждік, ойын-сауық шараларынан БАСҚА)



10. Әлеуметтік волонтерлік (әлеуметтік жағынан осал топтарға, қиын өмірлік ахуалға, жағдайларға тап болған адамдарға көмек көрсету). 8 түрін қамтиды:

- **Дағдарыс орталықтарында волонтерлік қызмет** (зорлық-зомбылық құрбандарын, дағдарыс орталықтарына қабылданған адамдарды қолдау және қайта әлеуметтендіру, оңалту және қолдау бағдарламаларын ұйымдастыру және т.б.)
- **Хоспистерде волонтерлік қызмет** (паллиативтік көмек, пациенттерді қолдау, науқастардың туыстарына көмек, науқастардың балаларына күтім көрсетуге көмек, қайтыс болғандарды қолдау бағдарламасы және т.б.)
- **Ерекше денсаулығын қажет ететін балалар мен ересектерге арналған волонтерлік қызмет** (медициналық мекемелерде волонтерлік қызмет, аулада және үйде көмек көрсету, бос уақытты ұйымдастыру, оңалту бағдарламаларын ұйымдастыру және т.б.)
- **Әлеуметтік қорғау үйлеріндегі балаларға және толық емес немесе нашар отбасылардан шыққан балаларға, көмелетке толмағандарға арналған бейімдеу орталықтарында** (тәлімгерлік, бос уақытты ұйымдастыру, қолдау бағдарламаларын ұйымдастыру және т.б.) волонтерлік.
- **Түрмедегі адамдарға, бұрынғы тұтқындарға волонтерлік** (қайта әлеуметтену, қолдау және т.б.)
- **Қарттар мен жалғыз тұратындарға, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға волонтерлік қызмет** (күнделікті өмірде көмек көрсету, проблемаларды шешуге көмектесу, оңалту бағдарламаларын ұйымдастыру, аула мен үй айналасында көмек көрсету, бос уақытты ұйымдастыру және т.б.)
- **Нашақорлық пен басқа да тәуелділіктердің алдын алу және деңгейін төмендету бойынша волонтерлік қызмет**, нашақорлықпен ауыратын адамдармен жұмыс (тәуелділіктің алдын алу, есірткінің жарнамасын бояу, нашақорлықпен ауыратын адамдарды қолдау және әлеуметтендіру және т.б., он екі қадамдық бағдарламаларды қолдау бойынша волонтерлік жұмыс)
- **Гуманитарлық және әлеуметтік көмек** (төтенше немесе қиын өмірлік жағдайдағы адамдарға киім-кешек пен азық-түлікті жинау, орау және тарату)



11. Спорт және салауатты өмір салты бойынша волонтерлік (әртүрлі спорт түрлерінің, белсенді өмір салтын, салауатты тамақтанудың, психикалық денсаулықтың және т.б. қолжетімділікті және танымалдылығын қамтамасыз ету).



12. Төтенше жағдайларда волонтерлік қызмет (апат қаупін азайту, төтенше жағдайларды жою, халық арасында қауіпсіздік мәдениетін насихаттау және т.б.)



13. Экологиялық волонтерлік (қоршаған ортаға қамқорлық жасау, өзен арналары мен жағалауларын, ормандарды және басқа да табиғи аумақтарды тазалау, көмірқышқыл газының ізін азайту жөніндегі іс-шаралар, қалдықтарды сұрыптауды үйрету, экологиялық сананы қалыптастыру және т.б.)



14. Этноволонтерлік (тарихи және ұлттық жадты, материалдық және материалдық емес мәдениет ескерткіштерін сақтау, археологиялық қазбаларға қатысу, этномәдени бірлестіктерде, Достық үйлерінде волонтерлік жұмыс және т.б.)

ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ТИПТІК ТӘЖІРИБЕЛЕР

Қазақстанда барлық өңірлер үшін тұрақты және типтік болып табылатын тәжірибелер де іске асырылуда. Әдетте, олардың мазмұны ұқсас, типтік тетіктері мен іске асыру алгоритмдері бар және көбінесе қызметтерін ұқсас волонтерлер құрамымен жүзеге асырады. Төменде ұқсастық пен типтіліктің пайда болуы үшін жеткілікті таралуы мен дамуы бар бағыттардағы осындай тәжірибелерді сипаттайтын кесте берілген.

Бағыт	Типтік волонтерлік қызмет	Типичный волонтерліктің құрамы	Қызметті ұйымдастырудың типтік нысаны
МЕДИЦИНАДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК	Медициналық мекемелердегі волонтерлердің жұмысы: - балаларға арналған анимация немесе ресурстық терапияның әртүрлі түрлері - спецификалық емес техникалық көмек (санитарлардың, техникалық персоналдың функциялары, деректерді цифрландыру және т. б.)	18 жастан асқан, көбінесе психологиялық немесе арт-білімі бар адамдар, медициналық факультеттердің студенттер	жеке тұлғалар бастамашыл топтар
	Үйде науқастарға күтім жасау-паллиативтік көмек, жараларды емдеу, оңалту немесе декубитке қарсы шаралар	Pro bono	жеке тұлғалар бастамашыл топтар
	Халықты: вакцинация, емшек сүтімен емізу, ерте даму, эпидемияның алдын алу және т. б. тақырыптардың маңыздылығы туралы оқыту	Күміс Pro bono	жеке тұлғалар
	Донорлық	18 жастан асқан адамдар	жеке тұлғалар
БІЛІМ БЕРУДЕГІ ВОЛОНТЕРЛІК	Оқушылар үшін (емтиханға дайындық, тілдерді оқыту, цифрлық қауіпсіздік, құқықтық сауаттылық, ТЖ кезіндегі мінез-құлық, репетиторлық және т.б.). Көбінесе бұл «тең» қағидаты бойынша тәжірибелер	Жоғарғы сынып оқушылары Мамандандырылған және мамандырылмаған ЖОО-ның студенттері Pro bono тренерлер мен оқытушылар	жеке тұлғалар бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
	Егде жастағы адамдар үшін (смартфондарды пайдалану, цифрлық қауіпсіздік, қаржылық сауаттылық, алаяқтыққа қарсы іс-қимыл)	Мамандандырылған және мамандандырылмаған ЖОО-ның студенттері Pro bono тренерлер мен оқытушылар	жеке тұлғалар бастамашыл топтар
	Өмірлік қиын жағдайдағы адамдар үшін (кәсіптік оқыту, қайта даярлау, өмірлік маңызды дағдыларға үйрету, қаржылық және құқықтық сауаттылық және т. б.)	18 жастан асқан адамдар Pro bono тренерлер мен оқытушылар	бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК	Өзендердің, ормандардың және басқа да табиғи аумақтардың арналары мен жағалауларын тазарту	Студенттер	бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
	Көміртегі ізін азайту жөніндегі іс-шаралар, қоқысты сұрыптауға үйрету, экологиялық сананы ояту және басқалары	Жоғарғы сынып оқушылары Мамандандырылған және мамандандырылмаған ЖОО-ның студенттері 18 жастан асқан адамдар	Жеке тұлғалар бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар

III. ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ КЕҢДІГІ БОЙЫНША 4 ТҮРІ БАР:

- Жергілікті қамту (бір елді мекеннің аумағында)
- Аймақтық қамту (бір облыс аумағында)
- Республикалық қамту (бірнеше аймақтарда немесе бүкіл ел бойынша)
- Халықаралық қамту (бірнеше елдерде)

IV. ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҰЗАҚТЫҒЫ (ТҮРІ) БОЙЫНША 3 ТҮРІ БАР:

- Бір реттік акциялар мен оқиғалар
- Жобалар
- Ағымдағы қызмет

V. ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША:

- Тіркелген ұйымдар
- Бастамашыл топтар
- Жеке тұлғалар

Бағыт	Типтік волонтерлік қызмет	Типичный волонтерліктің құрамы	Қызметті ұйымдастырудың типтік нысаны
ЭТНОВОЛОНТЕРЛІК	Тарихи және ұлттық жадыны, материалдық және материалдық емес мәдениет ескерткіштерін сақтау	Мамандандырылған ЖОО-ның студенттері 18 жастан асқан адамдар Pro bono мамандар	бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
	Археологиялық экспедицияларға қатысу (қазба жұмыстары, деректерді енгізу бойынша жұмыс, техникалық көмек)	18 жастан асқан адамдар Мамандандырылған ЖОО-ның студенттері	Жеке тұлғалар бастамашыл топтар
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕРДІ ЖАЙЛАСТЫРУ БОЙЫНША ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ	Қалалық сенбіліктер, саябақтарды, аллеялар мен көшелерді тазарту, елді мекендерге гүлдер мен ағаштар отырғызу	Барлық құрамдар қатысады	Жеке тұлғалар бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
	Инклюзивті ортаны дамытуға жәрдемдесу (қолжетімді ортаның бұзылуын анықтау бойынша рейдтер, тиісті НҚА-ға өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс топтарына қатысу)	18 жастан асқан адамдар – белсенділер Мүгедектігі немесе денсаулық ерекшеліктері бар адамдар (инклюзивті волонтерлік)	Жеке тұлғалар бастамашыл топтар
	Саябақтарды, аулаларды, балалар алаңдарын және елді мекендердің басқа да аумақтарын жөндеу және реконструкциялау	18 жастан асқан адамдар – белсенділер Жалпы волонтерлер Корпоративтік волонтерлер	бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
ТЖ ВОЛОНТЕРЛІГІ	Халық арасында қауіпсіздік мәдениетін насихаттау ("тең тең" қағидаты бойынша оқушыларға арналған жобалар, үйлерді аралау, демалыс орындарындағы - курорттар, жағажайлар іс – шаралар және т. б.)	Мектеп оқушылары 18 жастан асқан адамдар	бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
	Төтенше жағдайлардың салдарын жою, апаттар тәуекелдерін азайту	18 жастан асқан адамдар	Жеке тұлғалар бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
ІЗДЕУ-ҚҰТҚАРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК	Із-түссіз жоғалған адамдарды, жоғалған адамдарды іздеу (балалар, қарттар, мүгедектігі бар адамдар)	18 жастан асқан адамдар ТЖ волонтерлері	Жеке тұлғалар бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
ЗООВОЛОНТЕРЛІК	Жануарларға арналған баспаналарда волонтерлердің жұмысы	Барлық категориялар	бастамашыл топтар жеке тұлғалар
	Қаңғыбас және жабайы жануарларға, малға және үй жануарларына көмек	Барлық категориялар	бастамашыл топтар жеке тұлғалар

Бағыт	Типтік волонтерлік қызмет	Типичный волонтерліктің құрамы	Қызметті ұйымдастырудың типтік нысаны
ОҚИҒАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК	Әлеуметтік маңызы бар іс - шараларда волонтерлердің жұмысы (саммиттер, Азидалар, универсиадалар, көшпенділер ойындары, форумдар және т. б.)	Студенттер 18 жастан асқан адамдар	Волонтерлік ұйымдар
	Әлеуметтік осал санаттарды қолдауға бағытталған іс-шаралар (балалар үйлеріндегі немесе қарт адамдардың үйлеріндегі мерекелер, түрмелерде іс-шаралар ұйымдастыру, қайырымдылық іс-шаралар және т. б.)	Барлық категориялар	Жеке тұлғалар бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
ӘЛЕУМЕТТІК ВОЛОНТЕРЛІК	Гуманитарлық және әлеуметтік көмек (заттай және азық-түлік көмегін жинау, буып-түю және тарату)	Барлық категориялар	Жеке тұлғалар бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
	Волонтерлердің жоғалған адамдарды іздеу, ІІД және ТЖД-не Халықпен жұмыс істеуге волонтерлердің көмектесуі	18 жастан асқан адамдар	Жеке тұлғалар бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
	Хоспистегі жұмыс (паллиативтік көмек, пациенттерді қолдау, пациенттердің туыстарына көмек, пациенттердің балаларына күтім жасау, аза тұтушыларды қолдау бағдарламасы)	18 жастан асқан адамдар	бастамашыл топтар жеке тұлғалар
	Ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ересектерге арналған волонтерлік (аула мен үйде көмек көрсету, бос уақытты ұйымдастыру, оңалту бағдарламаларын ұйымдастыру және т. б.)	18 жастан асқан адамдар Pro bono	бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
	Әлеуметтік қорғау үйлеріндегі және толық емес немесе қолайсыз отбасылардағы балаларға, көмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарындағы балаларға арналған волонтерлік (тәлімгерлік, бос уақытты ұйымдастыру, қолдау бағдарламаларын ұйымдастыру және т. б.)	Барлық категориялар	бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
	Қарттар мен жалғызбасты адамдар мен қиын өмірлік жағдайдағы адамдар үшін волонтерлік (күнделікті өмірде көмек, түрлі мәселелерді шешуге көмек, оңалту бағдарламаларын ұйымдастыру аула мен үйге көмек, бос уақытты ұйымдастыру)	Барлық категориялар	бастамашыл топтар волонтерлік ұйымдар
	Нашақорлықтың алдын алу және төмендету бойынша волонтерлік есірткі жарнамасын бояу	18 жастан асқан адамдар	бастамашыл топтар жеке тұлғалар

ВОЛОНТЕРЛІК САНДАРМЕН

АҚПАРАТ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Қазақстандағы ресми статистикалық ақпараттың көзі уәкілетті мемлекеттік орган – Ұлттық статистика бюросы болып табылады. Ол қандай да бір компоненттер бойынша деректерді жинайды. 2024 жылға дейін объективті жағдайларға байланысты волонтерлік ресми деректер жиналатын салалар тізіміне кірмеген.

2024 жылғы 3 маусымда МАМ бұйрығымен деректерді жинаудың ерекше нысаны Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеумен күшіне енді. Ол деректерді жинауға және оларға ресми статистика мәртебесін беруге мүмкіндік пен өкілеттік береді. Сондай-ақ, 2025 жылдан бастап Ұлттық статистика бюросы арқылы статистикалық деректерді жинау жоспарлануда.

Бұл ретте, ел үшін волонтерлік қызметтің құндылығы мен маңыздылығын түсініп және мойындай отырып, қолдаудың одан әрі қадамдары үшін волонтерліктің даму жай-күйін түсіну және ақпарат қажеттілігін сезіне отырып, жұмыс тәртібімен 2020 жылдан бастап жетекшілік ететін министрлік (МАМ) жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) – мемлекеттік арналары арқылы және «Birgemiz: áreket» жобасын орындаушы «Ұлттық волонтерлік желісі» сандық және сапалық деректерді жинайды.

Жыл сайын алынған мәліметтер негізінде ҰВЖ ҚР-дағы волонтерліктің жай-күйі туралы талдамалық баяндама ұсынады; өне бұл деректер әдетте «шартты түрде ресми» болып саналады.

Деректерді жинау және талдау үшін негізгі ақпарат көздері:

1. АЙМАҚТЫҚ ВОЛОНТЕРЛЕР ФРОНТ-ОФИСТЕРІ (АФО)

АФО ай сайын волонтерлік ұйымдардан (ҰЕҰ), бастамашыл топтардан және волонтерлік қызметке қатысатын квазимемлекеттік және мемлекеттік мекемелерден статистикалық ақпарат жинайды.

